



2025 жылғы « 13 » 01

нк № 19

« 13 » 01 2025 года

**«Мектеп оқушыларын ыстық тамақпен  
қамту кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету,  
Бракераждық және тамақтандырудың  
сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі  
комиссия құру туралы»**

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бүйрығы және «Орта білім беру үйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды үйимдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі үйимдарда, жетім балалар мен ата-аналарының қамкорлығының қалған балаларға арналған білім беру үйимдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бүйрығы негізінде 2023-2024 оку жылында мектепте оқушыларды ыстық тамақпен қамтуды үйимдастыру мен оның сапалық деңгейін жаксарту, тыйым салынған тағамдарды саттырмау және оқушылардың өмір қауіпсіздігінің сақталуын бақылау мақсатында

#### Б Ү Й Ы Р А М Ы Н:

1. Мектептегі оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын бақылауды қүшейту мақсатында Бракераждық және тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу үшін комиссия төмендегі құрамда құрылсын:

А.С. Нукусова – мектеп директоры;

С.Ш.Сарсенбаева – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;

С.К.Докина – әлеуметтік педагог;

М.Сарсенова – диетолог;

Р.Г.Невежина – ата - аналар комитетінің төрайымы.

2. Комиссияның жұмыс кестесін жасақтау комиссия құрамына міндеттелсін.

2.1. Бракераждық комиссия мүшелері күнделікті дайындалатын тағамның шығымы мен сапасын кадағаласын.

3. Оқушыларды тамақтандыру Ақтөбе қаласының білім бөлімі 13.01.2025 жылы бекіткен және Ақтөбе қалалық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасымен келісімделген мектеп асханасының перспективалық ас мәзірі негізінде жүргізілсін.

3.1. Мектеп асханасында төмендегі тағамдардың сатылуына тыйым салынсын: тез дайындалатын құрғақ тағамдық концентраттар, майонез қосылған салаттар, газдалған және алкогольсіз энергетикалық сусындар (*минералды және ауыз суды қоспағанда*), хот-догтар, гамбургерлер, чипсілер, кептірілген наң (*сухарики*), ащы тұздықтар, кетчуптер негізінде бірінші және екінші тағамдарға; сағыз сатуға және тамақ өнімдерін сататын автоматтарды пайдалануға.

3.2. Мектеп асханасында төмендегі тағамдардың дайындалуына тыйым салынсын: айран, сүзбе және сүт қышқылы өнімдерін, туралған ет қосылған құймақтарды, флотша макаронды, зельцтті, кремі бар кондитерлік өнімдерді, морсты, квасты, форшмакты, фритюрдегі өнімдерді, сілікпені, паштеттерді, фритюрде қуырылған өнімдерді, шала пісірілген жұмыртқаны, қуырылған жұмыртқаны, қаймақ қосылған салаттарды, окорочкины, саңырауқұлақты, үйде дайындалған өнімдерді дайындауға.

3.3. Мектеп асханасында оқушыларға арналып әзірленетін астың сапалы дайындалуын және оқушылардың тамақтану кезіндегі тыйым салынған тағамдарды болдырмау, өмір қауіпсіздігінің сақталуы қамтамасыз етілсін.

3.4. Аспазшылар күн сайын ас блогында дайын өнімнің тәуліктік сынамасын қалдыруды жүзеге асырын.

3.5. Мектеп асханасындағы ас әзірлейтін құрал-жабдықтардың талапқа сай жұмыс жасауы және ондағы жиһаздардың санитарлық-гигиеналық жағдайы мен тазалығының сакталуын қатаң бақылауға алу мектеп директорының шаруашылық істері жөніндегі орынбасары А.Р. Касымоваға жүктелсін.

4. Аталған талаптардың орындалуы мектеп асханасының қызметкерлеріне жүктелсін.

5. Окушылардың көрсетілген кестеге сәйкес асханада тамактануын үйімдастыру, қауіпсіздік ережелерімен таныстыру класс жетекшілерге міндеттелсін.

6. Асхана қызметкерлерінің медициналық тексеруден уақытылы өтуін, Бракераж журналын жүргізу, даярланған ас мәзірінің сапасын күнбе-күн тексеру диетолог М.Сарсеноваға міндеттелсін.

7. Осы бүйрықтың орындалуына басшылық пен бақылау жасау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Ш.Сарсенбаевага жүктелсін.

Мектеп директоры

А.С.Нұкусова

